

Аудан әкімі А. Смайыловтың мерекелік құттықтауы

Халықаралық қарттар күнімен

Құрметті ардагерлер, зейнеткерлер мен аға буын өкілдері!
Баршаңызды 1 қазан - Қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Уақыт пен ұрпақты жалғастырған, күздің салқын күндерінде жылуын шашқан бұл мереке үлкендерді құрметтеп, қамқорлық көрсететін халқымыздың ежелгі дәстүрін насихаттайды.

Қарты бар үйдің - қазынасы бар. Бізге және өсіп келе жатқан өскелең ұрпаққа сіздердің өмір жолдарыңыз өнеге, еңбек жолдарыңыз үлгі. Сіздер ақылман, данагөй тұлға, саялы бәйтерексіздер!

Адам ұрпағымен мәңгі жасайды. Бүгінгі күн - кешегінің жемісі, ертеңінің өркені. Қарттарға қамқорлық - біздің халқымыздың санасына терең сіңген қасиет.

Бүгінгі ұрпақ үшін жасаған бар жақсылықтарыңыз үшін шынайы алғысымды білдіремін. Сіздерге мықты денсаулық, сәттілік пен ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға бақыт, береке, бірлік тілеймін!



Құрметті қариялар, ардақты аға ұрпақ!

Баршаңызды 1 қазан - Халықаралық Қарттар күнімен құттықтаймын!

Талай жасты тәрбиелеп, ізбасарларыңызды өсірдіңіздер. Біз, сіздердің тағылымды, өмірлік тәжірибелеріңізді жоғары бағалаймыз. Сіздер өскелең ұрпақты тәрбиелеуде белсенділік көрсетіп, еңбек еттіңіздер.

Қарты бар үйдің - қазынасы бар. Бізге және өсіп келе жатқан өскелең ұрпаққа сіздердің өмір жолдарыңыз өнеге, еңбек жолдарыңыз үлгі.

Сіздерге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, отбасыларыңызға бақыт, береке тілеймін!

Н. СЕКСЕНОВ, аудандық мәслихат төрағасы.

Будущее зависит от верных решений

Строительство АЭС - сегодня этот вопрос широко обсуждается на площадках разных уровней. Признаемся, мнения разделяются, ведь многие говорят о рисках, но если мыслить масштабно, то строительство АЭС - это векторный стимул для развития страны, особенно в тех регионах, где планируется развитие производства, промышленности, с перспективой создания новых рабочих мест, как в период строительства, так и в ходе дальнейшего обслуживания станции. В строительстве будут задействованы тысячи специалистов самых разных профессий - от инженеров до строителей. АЭС - это привлечение международных экспертов и открытие новых возможностей для обучения и повышения квалификации местных специалистов, это огромные инвестиции и рост экономики.

Наше будущее зависит от верных решений, которые позволят обеспечить страну чистой и устойчивой энергией, снизить зависимость от углеводородов и открыть новые возможности для экономического прогресса.

Сделаем вместе важный шаг на пути к устойчивому развитию и процветанию!

К. МЕНДЫБАЕВА, депутат Акмолинского областного маслихата.

Құрметті бұландылықтар!

Сіздерді 2024 жылдың 1 қазан күні сағат 15.00-де аудандық Мәдениет үйінде өтетін Халықаралық Қарттар күніне арналған мерекелік концертке шақырамыз.

Баршаңызды күтеміз!

* * *

Уважаемые буландынцы!

Приглашаем вас в 1 октября 2024 года в 15.00 часов в районный Дом культуры на праздничный концерт, посвященный Международному Дню пожилых людей.

Ждем всех желающих!

Встреча. Разъяснение. Диалог

Какие перспективы откроются в стране со строительством АЭС, что такое энергетическая независимость государства и как мирный атом будет влиять на отечественную экономику? Ответы на эти и другие актуальные вопросы прозвучали во время встречи депутата Мажилиса Республики Казахстан, члена Республиканского Народного штаба за строительство АЭС Юлии Владимировны Кучинской с жителями района.

Формат встреч, прошедших на площадке коворкинг-центра районной модельной библиотеки, Центра оказания специальных

социальных услуг, производственных предприятий ТОО «Бота-2015» и ТОО «ХПП Арна», был непринужденным. Между трудовыми коллективами и спикерами состоялся открытый, живой диалог, в ходе которого Юлия Владимировна подробно рассказала обо всех положительных аспектах строительства атомной электростанции, при этом, также развеяла страхи жителей по поводу рисков и негативных последствий, которые сегодня так активно обсуждаются на неофициальных площадках.

Красной нитью выступлений прошла идея о том, что строительство атомной электростанции - инициатива, продиктованная реальной ситуацией и потребностями

сегодняшнего дня. Энергетическая независимость даст возможность росту экономики, расширению производственного потенциала, созданию новых предприятий и высокооплачиваемых рабочих мест. АЭС сегодня необходимо воспринимать как уверенный и осознанный шаг навстречу к будущему, как драйвер экономики и её движущей силой.

Референдум, как подчеркнула депутат Мажилиса, прежде всего, инструмент демократии, выражение народом своей воли и права. Решение будет приниматься казахстанцами, поэтому очень важна гражданская позиция каждого - прийти 6 октября на участки для голосования и отдать голос в пользу будущих перспектив.

А. АМАНЖОЛОВА.



ӘРКІМНІҢ
ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!



6 қазан
октябрья

ВАЖЕН ГОЛОС
КАЖДОГО!

РЕФЕРЕНДУМ

www.election.gov.kz

Кең ұлттық диалогтың көрінісі

Атом электр станциясын салу тек энергетикалық мәселе емес, бұл елдің болашағы туралы мәселе. Бұл ұзақ жылдар бойы тұрақтылық пен өркендеуді қамтамасыз ететін ел дамуының жаңа кезеңіне жасалған қадам.

Атом энергетикасын дамыту - әрбір адам үшін тұрақты және қолжетімді энер-

гиямен қамтамасыз етудің кілті. Атом электр станциялары энергия жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін және сыртқы факторларға төзімділігін арттыратын таза, қауіпсіз және сенімді энергия көзі болып табылады.

Алдағы референдум кең ұлттық диалогтың тағы бір көрінісі болмақ. Негізінде, бұл

қадамдар арқылы біз жаңа қоғамдық-саяси мәдениетті қалыптастырып, негізгі мемлекеттік шешімдерді қабылдаудың жаңа стандарттарын белгілейміз.

Шешім қабылдайтын кез келді! Жарқын болашаққа қарай қадамды бірге бастайық!

А. АМАНЖОЛОВА, «Bulandy Aqparat» газетінің редакторы.

Сөзі абыз, өзі аңыз еді

Ғұмыр ғайып

Бұланды даласы күңіреніп, тағы бір абызынан айырылды. Осы елдің тарихын бір кісідей білетін абыз, батагөй, тіл, дін жанашыры, көпке сыйлы, ел үшін елеулі еңбек ете білген Амангелді ақсақал дүниеден өтті. Амангелді Мұхамеджанұлы Тұрсынбаев сексеннің сеңгіріне шыққан шағында пенделік өмірден, бақилыққа аттанды. Амангелді атаның артында өнегелі жолы, шындықты тіліп айтар ақиқатшыл мінезі қалды. Қаламыздағы алғашқы мешіттің бой көтеріп, жамағатқа есігін айрақ ашуына Амангелді ақсақал себепкер болып еді. Қара жамылған үйлерге көңіл айтты, құран бағыштап, сабырлыққа шақырып, ақыл айту Амангелді атаны өзгелерден даралап тұратын адами қасиеті еді. Осы елдің тарихын жетік біледі деуім Амангелді ата 1939 жылы осы Макинск қаласында дүниеге келген болатын. Көзі тірісінде берген сұхбатында өз өмірі жайлы былай баяндап еді:

- Қазіргі қаңырап қаңқасы ғана тұрған бұрынғы емхананың орынында екі қабатты тас мектеп болды. Алғаш сол мектептің табалдырығын аттадым. Бірінші-екінші сыныпты орысша оқып, кейін қазақша сыныптар ашылған соң қазақшаға ауыстым. Ел еңсесін түсірген қиын жылдар болған соң мектепте оқудың өзі оңайға соқпады. Қыста аяқта пима, үстімізде киер киімнің жоқтығынан суық күндері мектепке бармай қалатынмын. Жағдайға байланысты үйде отырып оқыдым. Жетінші сыныпты бітіргеннен кейін жастыққа қарамай еңбекке араластым. Үйге қолқабыс ету керек болды. Техбазда балалар бригадасының қатарында жұмысқа қабылдандым. Ол кезде темір жол тек Макинск арқылы ғана өтетін болған соң Ақсу, Бестөбе тағы басқа жерлерден руда әкелініп, вогондарға тиелетін. Біз сол вогондарға руда артатынбыз. Сол кездегі заманның ауыртпашылығы жанға батты. Қазіргі «Дана» дүкенінің орында ол кезде асхана болатын. Біз сол асханада істейтін әйелдерден картоптың қабығын алу үшін кезекке тұратынбыз. Ол алған қабықтарымызды үйге апарып тазалап тамақ қыламыз. Аспап әйелдер бізге көмектесіп картоптың қабықтарын әдейі қалың тұрайтын.

Соғыс біткеннен кейін елге оралған әкем қаладағы зауытқа жұмысқа кірді. Халықта ақша болмағандықтан карточкалық система бойынша нанның өзін кезекпен беретін. Есімде, әкем бір бөлке нан алу үшін түнгі үште кетіп, қалың сонар кезектен ертеңінде бірақ келеті. Ал, ол әкелген нанның шикілігінен кескенде пышаққа бес елі болып қамыр жабысатын. Біз аштықтан оны да қалтырмай жеп қоятынбыз. Тіпті кейде екі үш күн тамақ ішпей аш жататын кездеріміз болды. Күз айларында егістікке масақ теруге барамыз. Ондағы күзетшілер оның өзін тергізбей бізді қамшымен ұрып, қуатын. Сонда қамшымен ұрғанда үстіміздегі көйлектеріміз жыртылып, арқамызда қамшының ізі қалатын. Осындай қиыншылықтар болған соң мектебін аяқсыз қалды. Басында айтқандай техбазда жұмыс атқардым. Еңбек ете жүріп, 1958 жылы әскер қатарына аттандым. Әскери борышымды Орал қаласында өтедім. 1961 жылдың аяғында әскерден келсем шешем төсек тартып ауырып жатыр екен. 1962 жылы дүниеден өтті. Әскери борышымды өтеп келгеннен кейін Ленин зауытына жұмысқа орналастым. Жетінші топта колхоза шығарушы болып еңбек еттім. Мұндай зауыт Кеңес Одағында төртеу ғана болды. Соғыс жылдары цехтар болмаған соң станоктар ашық аспан астында құрылды.

Ал, зауыт түспей тұрғанда ол жер ит тұмсығы өтпейтін орман болатын. Оның бәрін отап, үлкен техникалармен тегістеді. Әкем сонда қызмет етті. Әкемнің айтуынша Макинскте темір жол алғаш рет 1929 жылы салынды. Ол кезде техника жоқ, көп жұмыстар қолмен атқарылды. Төселген тас, құмның бәрін қол арбалармен тасыпты. Ол кезде де ашаршылық, халықтың жағдайы өте қиын болған көрінеді. Әкем бір әңгімесінде темір жол салынып біткен соң 24 разьезбен Макинск арасында ол шақырым жерде Ақпарақ деген жер болыпты. Бір күні жігіттер түнде жиналып сол Ақпарақтың маңында темір жол рельстерінің шегелерін суырып қойды. Вогондары толы бидай артып келе жатқан пойыз сол жерде аударылып, төгілген бидайды аштықтан діңкелері құрып отырған халық тасып, талғажау етіп, біршамасы жандарын сақтаған екен.

Зауыт соғыстан кейін халық шаруашылығына қажеттіліктерді шығара бастады. Әскерден кейінгі зауыттағы қызметім өз жолыммен жалғаса берді. Сонымен қатар, сол жылдары Макинскте МЧ-1 деген вогондарға жүк тиейтін арнайы мекеме болды. Соның басшысы Арыстанбек Біләлов деген азамат бір күні мені жұмысқа шақырды. Әуелі Ақмолаға алты айға оқуға жібереміз кейін жұмысқа аламыз деді. Қран ұстауға. Мен келісіп зауыттағы жұмысымнан «кетем» деп арыз жазуға барғанда менің арызымды қабылдамай, жұмыстан жібермейміз деді. Кейін Арыстанбектің араласуымен жұмыстан босатты. Солайша Ақмолаға оқуға аттандым. Сол кезде Ақмолада «дорожный технический школа», - деген болды. Онда теміржолшылар, кассашылар, вогоншылар, селесарь, гран ұстаушылар, электр-дәнекерлеушілер және тағы басқа көптеген қажетті мамандықтарға оқытатын. Бес ай оқығаннан кейін Ақмола бойынша грипп ауруы тарап, ауруханада орын жетіспегеннен кейін мектептерді, арнайы оқу орындарын таратып жіберді. Біз практикаға кеттік. Барған соң емтиханға дайындалып, үздік тапсырып Грановщик болып шыға келдім. Содан бастап 28 жыл бойы гранда істедім. Кеңес Үкіметі құлағаннан кейін гран жұмыстары тоқтай бастады. Сосын мен бастыққа айтып вогоншыға ауысуды өтіндім. Кейін бір ай дайындалып, Щучия қаласына барып емтихан тапсырып, сыннан өттім. Сосын зейнетке шыққанға дейін вогоншы болып қызмет еттім.

Ал, отбасылық жағдайыма келсем 1964 жылы әкем дүниеден өтті. Күз айы болатын. Әкем екеуміз картоп қазып жатқанбыз әкем қол сағатына қарап «балам нан келетін уақыт болыпты, сен барып кел», - деді. Ол кезде нанды пойызбен тарататын. Тұрғындардың көбі нанды пойыздан алатын болған соң кезек күтіп, біраз айналып қалдым. Сөйтіп үйге келсем әкем төсекте жатыр, басын құбылаға қаратқан. Үндемейді. Менде зәре жоқ. «Әке саған не болды? Шай ішесің ба?» деп сұрап жатырмын әкемде үн жоқ. Сосын көрші тұратын Арыстанбекке жүгірдім. Болған жайды баяндап Арыстанбекті ертіп келдім. Ол кісі көпті көрген үлкен адам болғандықтан кейін бәрін түсінде де маған Карамышевқада тұратын әкемнің інісін тез алып кел деді. Әкем ымдап інісін шақыртып



жатыр екен. Мен бірден элеваторға бардым. Ол жылдары біздің өңірдің астығы жақсы шыққан соң жан жақтан әскерлер әкелген болатын. Алдымнан бір жас офицер шығып еді оған жағдайды түсіндіріп көмек сұрадым. Ол көлігімен бір әскерді жіберді. Карамышевқа барып әкемнің інісі Ақетті алып келсек, үйдің маңына туған туыстар жиналып қалыпты. Біз келгенше әкем дүниеден өткен екен. Сол жылы күзде Баян Жүнісбекқызымен шаңырақ құрдым. 1966 жылы үлкен ұлым Жанболат дүниеге келді. Бәтима, Руслан, Ерлан деген балаларым тағдырдың жазуымен ерте қалтты. Әкем өзі аздап молдалығы бар кісі болған. Зейнетке шыққан соң ауыл ақсақалдары жиналып, мешіт ашуды ұйғардық. Бұл еліміздің егемендігін алып, дін мен тіліне қайта көңіл бөле бастаған шағы болатын. Сол кездегі Ерюнков деген әкім болды. Одан мешіт ашуға ғимарат сұрадық. Әкімнің ұсынысымен бізге бұрынғы балалар кітапханасы қазіргі ескі мешітті берді. Басында «бұл ағаштан салынған, мұны алмаймыз, біреулер өртеп кетер», - деп шалдар бұған қарсы болды. Бірақ сол кезде әкім «қандай ұлт болсын дін Алланыкі, оны батылы жетіп ешкім өртеп алмайды. Басқа берер ғимаратымыз жоқ, Алсаңыздар осы», - деген соң амал жоқ келсіті. Кеңес Үкіметі кезінде зауыттың жылу жүйесіне қосылып тұрған. Ал, біздің қолымызға тигенде төрт қабырғадан басқа ештеңесі қалмаған еді. Барлығын басынан бастап жөндеуге тура келді. Ол кезде Марат Шарипов деген азамат көп көмек

көрсетті. Мешітке пеш салдырып, отын, көмірін әкеліп берді. Біршама азаматтар жиналып мешітті күрделі жөндеуден өткіздік. Мешіт жұмысы аяқталған соң облыс орталығынан имам сұраттық. Басында намаз өткізетін имам болмады. Болмағасын ораза кезінде тарауық өткізетін екі жас бала жіберді. Олар көп тұрмады. Облыс орталығынан қайта-қайта сұрата берген соң бізге Туркияда оқып бітірген ерейментаулық Алмас деген жасты жіберді. Білімді, алғыр болған соң халық пен тез тіл табысып кетті. Имам болып 5 жылдай қызмет етті. Кейін әкесі ауырып еліне кетті. Алмас кеткен соң Оралбай деген азамат имам болып тағайындалды. Ол да 5 жыл еңбек етті. Кейін өзіміздің жігіттер Дәрігерхан мен Жанатты шариги білім алуға жібердік. Осылайша өз арамыздан имамдар шықты. Алланың қалауымен әлі күнге еселі еңбек етуде, - деген еді.

Амангелді атаның батагөйлiгi, көпшiлiк ортада төкпелетiп бата бергендегi шешендiгi көптiң есiнде. Бұқарша бастап, Сүйiнбайша сөйлегенде шерiң тарқап, жаның жылып, тыңдай бергiң келетiн едi. Амал қанша, абыз ақсақал Алласына оралды. Соңғы сапарға шығарып салуға жиналған адамның көптiгiне қарап Амангелдi ақсақалдың қандай сыйлы адам болғанын көкейiме түйдiм. Iшiмдегi бiр екiншi – Амангелдi атамен бiрге үлкен тарих кеттi. Қазыналы қариямызды қимай жер қойынына тапсырдық. Жаныңыз жәннатта болсын Амангелдi ата.

З. ЖАЙНАРБЕК.

Өлке тарихы – ел тарихы

Аудан орталығы Макинск қаласының оңтүстік батысындағы қарағайлы орманның маңын бір кездері Елтоқ (Көкі) руынан тараған Арыстан, Бостан, Өтебай және Қожамберді ауылдары жайлағанын білесіз ба? Орман –тоғайларының «Қызыл ағаш», «Өтебай», «Бараба», «Құр ойнақ», «Атам шоқ», «Тойлық» деген атаулары болған. Соңғы жылдары тек «Келте қыстау», «Қожамберді», «Сары томар» деген атауларын ғана құлағымыз шалып жүр. Сонымен қатар, бұл маңның «Көкілер елі» атануы да сол Елтоқ руына байланысты. Бұл жердегі Көкі деп отырғанымыз сол Елтоқ, Жалпы Елтоқ елге сыйлы, ауқатты, кез келген жылы, тойдың көркін кіргізіп отыратын адам болса керек. Сондай бір жиынның алдын бермей әңгімесін бастағандары «Көкі» деп әзілдеп, кейін «Көкі» атанып кетсе керек. 1950 жылы өзгерістерге сәйкес Қараөзек, Қыстауқарағай және Еркіндік шағын колхоздары біріктіріліп орталығы Қыстауқарағай ауылы болды. Ол жайлы ауданымыздың абыз кеуде ақсақалы, ұлағатты ұстаз болған Төлеубек Жүсіпбеков: «Қараөзек ауылы шұрайлы жерлердің бірі болған. Ауыл тұрғындары негізінен мал шаруашылығымен айналысқан. Кейін жер реформасы жалауын көтерген жылдары шұрайлы жерлер игеріліп, қоныс аударушылар келе бастады. Тұрғындар тұрмысқа қажетті заттарды, азық-түліктерін Колоколов, Прохоров, Белоцерков және Возносенка селоларындағы жәрмеңкелер мен сату нүктелерінен мал өнімдеріне айырбастап әкелетін. 1930-1935 жылдары ел ішінде біріккен ұжым шаруашылықтарын құру туралы насихат жүре бастады. Еркін өмірге үйренген ауыл тұрғындары

қарсылық көрсеткендерімен амалдары болмады. 1938 жылы жаз айларында ауыл тұрғындары ежелгі құтты қоныстарынан көшіп, жаңа құрылған «Қараөзек» колхозына біріктірілді. Құрылған шаруашылықта 80-90 отбасы болды. Колхозшылардың жалпы жиналысында қолынан іс келетін Мәкежан Қалиевті колхоздың төрағасы қылып сайлады. Мәкежан барын салып еңбек етті.

Ал, 1950 жылы өзгерістерге сәйкес Қараөзек, Қыстауқарағай және Еркіндік шағын колхоздары біріктіріліп орталығы Қыстауқарағай ауылы болды. Кеңес төрағасына Қани Сағадиев сайланды. Кейін осы жылы тағы ірі біріктірулер болды. Алайда бұл ұзаққа бармады 1968-1969 жылдары шаруашылықтың тозып, ыдырауына байланысты Қараөзек ауылы таратылды. Дегенмен еліміз егемендік алған жылдары туған өлкемізде игілікті істер жүргізілді. Жұртшылықтың қалауымен «Колоколовка» селосына ауылдың тарихи атауы қайтарылды. Бұл көз көргендер үшін қуанышты жәйт болды. Ауылымыздың орынына Республикадағы ірі әрі қуатты құс фермасы салынғаны еліміздің экономикадағы күш-қуатын арттырып, жаңа жұмыс орындарын ашты. Бір сөзбен айтқанда болашақта туған ауылымыздың орыны өркендеп, құт, береке қонатынына сенеміз», -деген болатын.

Кешегі күн – бүгінгі тарих. Сол бір қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейбіт заман, қабырғадан қан кешіп, кірпігінен қырау тамған күндердің бірі тарих қойнауынан ойып тұрып орын алды. Сайда саны, құмда ізі жоқ қалғандары да қанша ма? Ал, оны түгендеп, саралай білу өскелең ұрпақ үшін жауапты міндет.

З. ЖАЙНАРБЕК.

Арқаның арыстаны – әйгілі күш иесі Балуан Шолақтың қазасы

Балуан Шолақ атамыздың туып-өскен жері Ақмола облысының Бұланды ауданы. Астана-Көкшетау бағытында Елтай атты шағын станса бар. Балуан атамыздың соңғы тұрақ тапқан жері, яғни зираты осы стансаның сыртындағы Тастыөзек шұрайлы қойнауында. Атамыз көзі тірісінде келімсектермен қатты жауласқан екен. Олар Шөкең өлген соң да тыныштық бермесін сезген елдің үлкендері Қайрақты өзенінің бойына жалған зират орнатып, оларды алдаған дейді, осы күнде Макинск ауылында тұратын өлкетанушы Ақшатай Изахметова апамыз.

Жоғарыдағы зейнеткер ұстаз Ақшатай Сәдуақасқызының айтуына қарағанда, Тастыөзекке таяу алты-жеті шақырым жерде Қызыл кордон атты ауыл бар. Кезінде бұл жерде ақ патшаның атты жасағы орын тепкен көрінеді. Бертінде ауыл орман қорғаушылардың орталығы болды. Балуан Шолақ атамыздың от-ошағы дәл осы жерде екен.

Балуан атамыздың ауылын былайғы жұрт кезінде «Керей елінің үйсін ауылы» деп атаған. Атамыздың арғы атасы Есентай деген адам 1850 жылдар шамасында Шу бойынан керей ішіне көшіп келген. Есентайдан – Қазанғап туады, Қазанғаптан – Жарықшақ, одан Баймырза атамыз туған екен. Ал Баймырзадан – Балуан Шолақ. Шолақ атамыздың анасы Қалампыр апамыз Жетпіс деген кісінің қызы.

Қалампыр апамыз көп құрсақ көтергенімен, содан аман-есен адам болғаны Төлеубай, Тәуекел және кенжесі Нұрмағамбет (Балуан Шолақ) үшеуі ғана.

Ал балуан атамыздың өмірден қалай өткені жайлы әртүрлі әңгіме бар. Біреулер «оқ тиіп өлді» десе, екінші біреулер «соқыршектен қаза тапты» деп жазып жүр.

Осы орайда, Ақшатай апамыз балуанның көзін көрген, өмірінің соңғы жылдары Шортан қаласында тұрған Сәкен Малдыбаев деген қариядан ертеде жазып алған естелікте төмендегідей оқиға баяндалады.

– Барлығы дәл бүгінгідей есімде, 19-шы жылдың (1919 жылды айтады) қыс айының соңы болатын, талма тұстай біздің үйге Балуан Шолақ келді. Қасында баласы Құдайберген бар. Шөкең атама қарап: «Молдеке, менің қатты қиналып сырқаттанып келе жатқан бетім, сізбен бақұлдасайын деп әдейі бұрылдым», деді. Атам қазан көтертті. Шөкең жарықтық майлы еттен бір жапырақ аузына салды да, «Сіздің үйден тапқан соңғы дәмім осы шығар» деп,

орнынан көтерілді. Шанаға отырарда атама қарап: «Молдеке, мені шанаға мықтап байлап, таңып тастаңыз, ауруым қозып қиналсам, Құдайберген ие бола алмай, сүйегім жолда қалар», деді. Біз қинала-қинала балуанның айтқанын орындадық. Үш күннен соң балуан дүниеден өтті деген суық хабар келді...

Ал тірдей шанаға таңылып үйіне қарай беттеген Балуан Шолақ атамыздың жайына келсек, үйіне аман жеткен күш иесі бәйбішесі Қаныкейге төсек салдырып жатып қалады. Таң атқан соң ағасы Төлеубайды шақыртады. Үйде үрпипісіп отырған екі ұлы – Исажар мен Құдайбергенді және Исажардың әйелі Үмітжанды, тіпті жанындай жақсы көретін немересі Ақжүністі (Исажардың қызы) қосып бәрін сыртқа шығарып жіберіп, жары Қаныкей мен ағасы Төлеубайға былай депті: «Алдыңғы жылы жазға салым даладан қатты ауырып келгенім естеріңде болар. Ақбалақтың ну орманынан шыға бергенімде қарсы алдымнан мылтық атылды. Оқ ердің қасына тиіп, әлсіреп барып кіндігімнің төменгі тұсына қадалды. Үйге келдім де ішімді таңып жатып қалдым. «Балуан Шолақ қойдың құмалағындай қорғасынды көтере алмай ауырып жатыр» деген сөзден қорықтым. Сол, міне, ажал болып жабысты. Сендерге айтар өсиетім: сүйегіме басқа адамды түсірмеңдер, ана Сабыр қажыны қасына алып, Төке, өзің атқар. Менің өлгенімді білсе, қара шекпенділер де қарап қалмас. Бұл найсаптар өлігімді қорлаудан тайынбайды. Зираттың бір жағына құпия үңгір жасап, бөлек жерлерден де, басқа жерге жалған зират тұрғызыңдар», депті.

Бірақ «ел құлағы елу» дегендей, елдің адамдары балуанға оқ атқан кімдер екенін артынан сұрастырып жүріп білген. Олар қазақ көрсе қаны қараятын Евтушенко, Беляков дегендер екен. Бұлар Шөкеңнің өлгенін жыл асқан соң бір-ақ білген. Зиратын таппай аласұрған көрінеді. Аз ғана үйсін ауылының үстіне ат ойнатып, балуанның ұлы Исажарды атып өлтіреді.

Сөйтіп, Шөкеңнің жаны жай тапқан жер бертінге дейін белгісіз болып келді. Оның себебі жоғарыдағыдай. Шөкеңді жерлегенде бірге болған Сәкен Оспанов деген адам 1943 жылы Алаштың ардақты ұлының нақты жамбасы тиген жерді (Қызыл кордон ауылы) көрсетіп береді. 1999 жылы осы жерге балуанның немересі Шайдолда Шолақов атасына бағыштап ас беріп, азаматтармен бірге басын қарайтыны.

Б. ҚАЙРАТҰЛЫ.

ЕҢБЕК КҮНІ – ДЕНЬ ТРУДА

Где родился, там и пригодился

Ветеран труда Дулат Каирбекович Утеков родился 25 июля 1961 года в селе Ортақшыл в семье простых рабочих, где и была привита любовь к животноводству. Отец - Каирбек Утеков работал заведующим сеновалом в животноводстве Макинского РСХО, мама - Шамшия Утекова работала дояркой в животноводстве Макинского РСХО.



Дулат Каирбекович в 1979 году окончил среднюю школу в с. Партизанка, в 1981 году - Новошимоновский зоотехнический колледж и получил средне-специальное образование по профессии зоотехник. С 1981 по 1983 год служил в рядах вооруженных сил. Свою трудовую деятельность начал с 1984 года зоотехником в с. Партизанка. С 2007 по 2013 год работал акимом Амангельдинского сельского округа Буландынского района. А в июле этого года вышел на заслуженный отдых с ТОО «Партизанское-1», где работал главным зоотехником.

В селе Ортақшыл Дулат Каирбекович проживает с рождения. Жизненным тылом и опорой является любимая семья: супруга Гаухар Утекова работала старшим весовщиком на центральном току в ТОО «Партизанское-1», находится на заслуженном отдыхе. У семейной четы трое детей, семеро внуков.

Утеков Дулат Каирбекович занимается животноводством в третьем поколении, дети являются приемниками. Сын Куат продолжает дело отца и дедов, занимается разведением крупного рогатого скота в селе. Дулат Каирбекович был неоднократно награжден грамотами и благодарственными письмами от акима Буландынского района.


Однако, главная награда для него – уважение односельчан, достижения детей и внуков, а также благополучие в доме.

В земле наша сила, в земле наши корни

Потомственный хлебороб - гордое звание. Это люди неравнодушные к своему делу. Сегодня хотим рассказать о трудовой династии хлеборобов и о нашей землячке Петре Карповиче Шкробко.

Отец Петра Карповича - Карп Кириллович - был ветераном Великой Отечественной войны, после войны работал чабаном в с. Буденовка. Мама - Анна Степановна - работала животноводом. Сам Петр Карпович с 1970 по 1972 год прошел службу в Армии. В 1973 году приехал в Партизанку устроился механизатором, женился на Ирине Ивановне - выпускнице Щучинского педагогического колледжа и пришла работать в детский сад «Ромашка», где проработала 30 лет. Петр Карпович и Ирина Ивановна вырастили троих детей. Петр Карпович после выхода на заслуженный отдых работал еще два года. Его дети Е. П. Шкробко, А. П. Шкробко и внук П. Е. Шкробко и Р. Шкробко работают механизаторами.

Все самое ценное: опыт, традиции передал своим детям и внукам, отсюда и трудолюбие, добросовестное отношение к своему делу. Трудовые династии - опора любого предприятия, в профессии хлебороба она одна из самых крепких.



Опытный и трудолюбивый механизатор из села Партизанка

Представитель семейной династии работников аграрного производства Борис Геннадьевич Вайншток родился 16 сентября 1956 года в Красносельске, в семье простых рабочих. Отец был портным - технолог швейного производства, мама работала на ферме.

В 1972 году Борис Геннадьевич окончил среднюю школу, в 1973 году поступил в Карагаче СПТУ-49, до армии работал в совхозе механизатором. С

1976 по 1978 служил в рядах Советской Армии, после службы начал трудовую деятельность. У Бориса Геннадьевича 45 лет стажа работы, с 1976 по 2019 год. В 2008 году он занял первое место за вывоз зерна с поля, получив денежное вознаграждение.

С супругой Еленой Викторовной Романовой поженились в 1979 году. Она работала поваром в ТОО «Партизанское-1». Супруги воспитали 2 детей, имеют 3 внуков.

Сын Виктор пошел по стопам отца, работает механизатором. Дочь Людмила окончила Щучинский гуманитарно-технический колледж. Семейной династии Бориса Вайнштока хочется пожелать семейного благополучия, здоровья, счастья и успехов в трудовой деятельности, чтоб их семейные традиции чтились и продолжались.

Земля-кормилица, а благодаря трактористам поля засеиваются и дают хороший урожай! Но неизменным осталось главное: любовь механизаторов к своей профессии, ответственность и профессионализм. Это качества, без которых невозможно работать на селе.

Ш. АСКАРОВА, библиотекарь с. Партизанка.



Уважение и стремление – слагаемые результата

Яркие вывески в современном красивом дизайне, заманчивые предложения от поставщиков товаров, работ и услуг, перед которыми трудно устоять, красочные фото и объемные буквы, которых видно издали. Так сегодня выглядит наружная реклама. Но есть одно «НО» в наружном оформлении вывесок, баннеров и прочей «визуалки» - ошибки в текстах или нарушение Закона РК «О языках».

Поле применения государственного языка с каждым годом все более расширяется, процесс применения казахского языка в разных сферах жизни начинает находить поддержку у представителей разных национальностей. Несмотря на это, сегодня все еще продолжает оставаться насущным вопрос о соблюдении законодательных норм в сфере рекламной информации. Рекламодателям предъявлены жесткие требования – действовать в рамках Закона РК «О рекламе», который оговаривает правописание названий торговых точек, пунктов сервиса и любого другого вида услуг на двух языках – государственном и русском. Нужно воздать должное, сегодня большинство названий

и вывесок на предприятиях и в учреждениях (независимо от формы собственности), тексты на билбордах, установленных на улицах города, «приобретают» двуязычность. Вместе с тем рейдовые проверки, проводимые ГУ «Отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта Буландынского района», продолжают выявлять недостатки в этой области, которые сразу бросаются в глаза, поскольку они наглядны, на виду у всего общества. Также в наружной рекламе продолжают иметь место неправильное расположение текстов на государственном языке или вовсе его отсутствие, неграмотные переводы с русского языка. Такие действия объяснимы лишь пренебрежением к государственному языку. Конечно, в объекты визуальной информации вкладываются немалые средства, возможно, предпринимателям исправление ошибок обойдется недешево. Однако, это не дает им права игнорировать и нарушать закон о средствах наглядной информации. Чтобы избежать подобных ошибок руководителям учреждений, частным предпринимателям, рекламным агентствам необходимо проводить

сверку текстов с компетентным государственным органом, прежде чем размещать рекламу.

Безусловно, развитие государственного языка любой страны является делом времени, самое важное – это стремление всего населения обучиться и уважать язык страны, в которой живешь.

А. АМАНЖОЛОВА.

Фото из рейдовых проверок государственного органа.



Талантты жас – ел ертеңі

2024 жылдың ақпан айынан бастап Қазақстанда Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесі орай алғаш рет қазақ тілінде «Әншуақ» балалар әндер фестивалі басталды, онда Макинск қаласының Балалар музыка мектебі вокал бөлімінің жас орындаушылары Тик - Ток платформасында өз өнерлерін жариялай отырып, белсенді қатысты.



Фестивальдің басты мақсаты-балалар әндерін қазақ тілінде насихаттау және тарату. Жобаның форматы тек қызығушылықты ояту, көңіл көтеруге ғана емес, сонымен қатар қызығушылық тудыру, өз ана тіліңізді білуге деген ұмтылыс, елге деген мақтанш сезімін ояту және бүкіл Қазақстан республикалық жоба аясында өз елінің атын шығару.

«Әншуақ» тақырыбында өткізілген аудандық, облыстық байқауларға Балалар музыка мектебі вокал бөлімінің оқушылары қатысып жүрді. Балалар қорғау күніне арналған ауданымызда үлкен іс-шара өткізілді, соның ішінде Әншуақ фестивалінің Гала концерті ұйымдастырылды. Балалар музыка мектебінің вокал бөлімінің оқушылары Калиева Іңкәр, Болат Кәусар, Болат Айнель, Есимова Амина, Назымбекова Айым, Серік Томирис аудандық Гала концертке қатысып Мадақтама және бағалы сыйлықтарға ие болды. Маратова Акбота, Мырзахметова Балауса Көкшетау қаласында өткен «Әншуақ» фестивалінің шеңберінде өткізілген Облыстық «Жұлдызды сәт» жас әншілер байқауының Гала концертіне қатысып жүрді орындарға ие болды.

Фестиваль ең жарқын және есте қаларлық ойын-сауық іс-шараларының біріне айналды.

Әншуақ фестивалі жалғасуда- 2024-2025 оқу жылы да фестиваль шеңберінде жаңа жұлдыздар жанады деп үміттенеміз.

А. ТАСАНОВА, Балалар музыка мектебі директорының орынбасары.

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАРШЫСЫ – ВЕСТНИК ДОБРА

Атмосфера уважения и счастья

Защита семейных ценностей является важным государственным приоритетом. Особое внимание государство уделяет многодетным семьям, ведь родительский труд и терпение достойны восхищения.

В Буландынском районе очень много крепких семейных союзов, в которых супруги прожили в браке более 25, 50, 60 лет, многие воспитали уже не одно поколение. Большие и дружные семьи хранят традиционные семейные ценности и прививают их своим детям.

В районной модельной библиотеке состоялся час семейного общения под названием «Семья... Как много в этом слове!», который организовал районный Совет матерей при поддержке районной модельной библиотеки, отдела образования и внутренней политики, Молодежного ресурсного центра, депутата областного маслихата Клары Мендыбаевой.

Мероприятие прошло в душевной, теплой и дружной атмосфере, ведь именно в такой среде должны воспитываться дети. Поприветствовала участников часа общения председатель районного Совета матерей, ветеран педагогического труда Людмила Анатольевна Ширинская, выразив огромную благодарность всем, кто проявляет гражданскую активность и общественную инициативу в семье, труде, учебе.

На встрече поколений присутствовали семьи Баишевых и Марченко



вместе с детьми. Они рассказали о своем маленьком государстве, традициях, обычаях семьи, о достижениях детей, отвечали на вопросы ведущих – специалистов модельной библиотеки Айнур Сулаймановой и Людмилы Матарыкиной.

В обсуждение темы семьи подключились и приглашенные гости, в том числе учащиеся школ, а с членами семей были проведены интересные викторины и конкурсы.

Отметила роль семьи в обществе и значимость дат, связанных с пропагандой семенных ценностей, депутат областного маслихата

Клара Мендыбаева, пожелав всех семьям взаимопонимания, любви, семейного счастья, здоровья и благополучия, а также, вручив памятные подарки семьям Баишевых, Марченко и активистам материнского движения в районе за родительский труд, гражданскую активность и неравнодушие к общественным инициативам.

Семья наполняет нашу жизнь силой и смыслом. Это оплот и поддержка человека, любая семья создается от любви, а крепнет и растет благодаря уважению, мудрости и терпению.

А. АМАНЖОЛОВА.



Тарихын білу – ұрпақ парызы

«Биыл Жошы ұлысының негізі қаланғанына 800 жыл толды. Кешегі қилы заманда елін, жерін ақ білектің күші, ақ найзаның ұшымен қасық қаны қалғанша қорғаған бабаларымыздың ерлік істері бүгінгі жастарымызға үлгі-өнеге, мақтаныш. Жошы ұлысы Қазақстанның мемлекеттік дәстүрінде айрықша орын алады. Еліміздің өткені, бүгінгі мен болашағы оның тарихи мұрасымен тығыз астасып жатыр. Жошы хан – қазақ тарихының бастауында тұрған тұлға. Ұлт ұясы Ұлытау аймағындағы ұлы ханның киелі кесенесі – ұлыстың атасына деген құрметі іспеттес. Модельдік балалар кітапханасының оқырмандарының тарихқа деген қызығушылығын арттыру, тарихи өткенді зерттеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу, тарихи фактілерді салыстыру, өз көзқарасын білдіру мақсатында мектеп-гимназияның 9 Ә сынып оқушылары және тарих пәнінің мұғалімі Н.К.Джолтаева «Алтын Орда немесе Жошы Ұлысы» атты тарихи сағатына қатысты. Іс-шара барысында оқушылар Алтын Орданың қалыптасу тарихы туралы, мемлекеттің күшеюі мен әлсіреуінің себептері

туралы білді. Оқушылардың назарына «Жошы Ұлысының тарихи мәдени мұралары» және «Жошы ұлысы» атты видео-презентациялар ұсынылды. Кітапханашы «Жошы ұлысы – қазақ хандығының бастауы» атты кітап көрмесіне әдебиеттік шолу жасады.


А. КАПИЗИНА, модельдік балалар кітапханасының аға-маманы.



«Учаске» жедел-алдын алу іс-шарасы

Бұланды ауданының полиция бөлімінің есебінде тұрған адамдар тарапынан қылмыстардың, оның ішінде ауыр және аса ауыр санаттағы қылмыстардың санын азайту, қызмет көрсетілетін әкімшілік учаскелердегі құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу, халық арасында полиция органдарының имиджі мен беделін арттыру, азаматтармен сенімді қатынастар орнату мақсатында 2024 жылғы 16 қыркүйек мен 01 қараша аралығында Бұланды ауданының аумағында «Учаске» жедел-алдын алу іс-шарасы өткізіледі.

Бұланды аудандық полиция бөлімі.



Оперативно-профилактическое мероприятие «Участок»

В целях снижения количества преступлений, в том числе тяжкой и особо-тяжкой категории со стороны лиц, состоящих на учете в ОП Буландынского района, предупреждения, пресечения правонарушений на обслуживаемых административных участках, повышения имиджа и авторитета органов полиции среди населения, установления доверительных отношений с гражданами в период с 16 сентября по 01 ноября 2024 года провести на территории Буландынского района оперативно-профилактическое мероприятие «Участок».

Буландынский районный отдел полиции.



полиция қызметкері болуға дайындалды. Қазіргі кезде, тылдық қамтамасыз ету тобында жұмыс істейді. Өз қызметіне адал, аз уақытта өзін оң жағынан көрсете білді. Ризагүл ағасының ізін басып келе жатқан полиция қызметкері. Ол кеңсе технигі, өз кәсібін тиесілі маман.

Отбасы – адамның өмірдегі басты тірегі мен қорғанышы. Ендеше, бір-біріне қолдау көрсетіп жүрген полицейлер ағайынды-қарындасқа жұмыстарында сәттілік, табыс, жетістіктер тілейміз!

Бұланды аудандық полиция бөлімі.

Полиция саласындағы ұрпақтар сабақтастығы

Отбасы – қоғам тірегі, ал құқық қорғау органдарында қызмет атқарып жүрген отбасылық әулет аз емес. Солардың бірі - Бұланды ауданы полиция бөлімінің қызметкерлері - ағайынды Ахметовтар әулеті – аға мен қарындас, полиция кіші сержанты Райымбек Ризабекұлы Ахметов және қатардағы полиция Ризагүл Ризабекқызы Ахметова.

Полиция әулеті - тәжірибе мен білімі ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп қалатын дәстүрлері бар отбасылар. Полиция әулетінде туып, тәрбие алған балалар ар-намыс пен абырой атмосферасында өседі. Кез-келген салада отбасылық әулет құрметті орында. Ал, ішкі істер органдарында полиция әулеттеріне ерекше илтипат көрсетіледі.

Райымбек Ризабекұлы өмірдегі ең маңызды қадамдардың бірі болып табылатын болашақ мамандықты тандап, мақсатты түрде

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ АЙЫ – МЕСЯЦ СОЦИАЛЬНОЙ ПОДДЕРЖКИ

2024 жылы Бұланды ауданында қарттар мен мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау айлығын өткізу бойынша іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Өткізу орны, уақыты	Жауапты орындаушылар
1	Қарттар мен мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау айлығын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау	«Bulandy Aqparat» газетінде және әлеуметтік желілерде жариялау	26 қыркүйек	Бұланды ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі
2	Қарттар мен мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау айлығын өткізу шеңберінде елді мекендерді ресімдеу (тартулар, баннерлер)	Ауданның ЖҚӘББ-не ақпарат	30 қыркүйекке дейін	Макинск қаласының және ауылдық округтардың әкімдіктері
3	Отынға, тұрғын үйді жөндеуге, жем-шөпке және т.б. мұқтаждықты анықтау үшін, жалғыз басты зейнеткерлер мен мүгедектігі бар адамдардың аулаларын аралаулы жүргізу	Ауданның ЖҚӘББ-не ақпарат	30 қыркүйекке дейін	Макинск қаласының және ауылдық округтардың әкімдіктері
4	«Іздің сүйсініштілігінің қамқорлығыңызда» бейне құттықтау челленджін ұйымдастыру	Әлеуметтік желілерде жариялау	1 қазанға дейін	Білім беру ұйымдары
5	Аудан әкімінің Қарттар күніне және Мүгедектігі бар адамдар күніне арналған құттықтауы	«Bulandy Aqparat» газетінде және әлеуметтік желілерде жариялау	1 қазан қазан айының екінші жексенбісі	Аудан әкімі аппаратының басшысы
6	Аудан әкімінің Макинск қ., Купчановка а. арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарына баруы	«Bulandy Aqparat» газетінде және әлеуметтік желілерде жариялау	1 қазан 11 қазан	Аудан әкімі аппаратының басшысы
7	Қарттар күніне арналған мерекелік концерт ұйымдастыру және өткізу Үйде және стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет алушылармен дайындалған қолданбалы, бейнелеу өнері бұйымдарын және көркемөнер туындыларын сату бойынша көрме мен жәрмеңке ұйымдастыру, қарттар мен мүгедектігі бар адамдар үшін қалалық қоғамдық көлікте тегін жол жүруді ұйымдастыру	«Bulandy Aqparat» газетінде және әлеуметтік желілерде жариялау	1 қазан	Аудан әкімі аппаратының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі
8	Зейнеткерлердің ең төмен және ең төменгі мөлшерінен төмен зейнеткерлерге, барлық топтағы мүгедектігі бар адамдарға және мүгедек балаларға біржолғы материалдық көмек төлеуді ұйымдастыру	Төлем тапсырмасы	4 қазанға дейін	Бұланды ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі
9	«Күз тартуы» ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін өткізу	«Bulandy Aqparat» газетінде және әлеуметтік желілерде жариялау	12 қазан	Аудан әкімі аппаратының басшысы, Макинск қаласының және ауылдық округтардың әкімдіктері, Бұланды ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі, Бұланды ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі
10	Қарттар мен мүгедектігі бар адамдар үшін қалалық қоғамдық көлікте тегін жол жүруді ұйымдастыру	Ауданның ЖҚӘББ-не ақпарат	15 қазан	Макинск қаласының және ауылдық округтардың әкімдіктері, Бұланды ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Ақмола облысы бойынша филиалының Бұланды ауданының әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі, Бұланды аудандық ауруханасы, Адвокаттар алқасы
11	Қызмет алушылардың «АЛЖИР» мұражай-мемориалдық кешеніне баруын ұйымдастыру	Әлеуметтік желілерде жариялау	24 қазан	Купчановка а. АӘҚКО
12	Ауылдық округтерде зейнеткерлер мен мүгедектігі бар адамдар үшін мерекелік іс-шара ұйымдастыру	Әлеуметтік желілерде жариялау	қазан бойы	Ауылдық округ әкімдіктері
13	Мәдениет қызметкерлерінің «Қарттар күніне арналған «Мейірімді жүрек күні» Ізгілік сағаты» концерттік бағдарламамен Макинск қ., Купчановка а. арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарына баруын ұйымдастыру	«Bulandy Aqparat» газетінде және әлеуметтік желілерде жариялау	қазан бойы	Бұланды ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі
14	ҰОС ардагерлерін, тыл еңбеккерлерін, еңбек ардагерлерін, жалғыз тұратын зейнеткерлерді және мүгедектігі бар адамдарды жеке құттықтауды ұйымдастыру	Әлеуметтік желілерде жариялау	қазан бойы	Аудандық мәслихат депутаттары, Макинск қаласының және ауылдық округтардың әкімдіктері, Мекемелер мен ұйымдардың басшылары
15	«Ігі жолдаулар күні» акциясы аясында Макинск қ., Купчановка а. арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында тұратын мүгедектігі бар адамдарға бару	Ауданның ЖҚӘББ-не ақпарат	қазан бойы	Макинск қаласының және ауылдық округтардың әкімдіктері
16	Меншік түріне қарамастан еңбек ұжымдарынан зейнетке шыққан ардагерлерді құрметтеу	Ауданның ЖҚӘББ-не ақпарат	қазан бойы	Макинск қаласының және ауылдық округтардың әкімдіктері, Мекемелер мен ұйымдардың басшылары
17	Қарт адамдарға және өмірлік қиын жағдайдағы мүгедектігі бар адамдарға көмір және отынмен көмек көрсету	Ауданның ЖҚӘББ-не ақпарат	қазан бойы	Макинск қаласының және ауылдық округтардың әкімдіктері
18	«Қамқорлық» акциясын өткізу (волонтерлермен, мектеп оқушыларымен ҰОС ардагерлеріне, тыл еңбеккерлеріне, жалғыз тұратын зейнеткерлерге, мүгедектігі бар адамдарға көмек көрсету)	Ауданның ЖҚӘББ-не ақпарат	қазан бойы	Макинск қаласының және ауылдық округтардың әкімдіктері, Бұланды ауданының ішкі саясат бөлімі, Бұланды ауданының білім бөлімі
19	ҰОС ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің, зейнеткерлердің және дәрігерлік көмекке мұқтаж мүгедектігі бар адамдардың үйінде медициналық тексерулер жүргізу, қажет болған жағдайда үйде немесе стационарларда тегін емделуді ұйымдастыру	Ауданның ЖҚӘББ-не ақпарат	қазан бойы	Бұланды аудандық ауруханасы
20	Аудандық модельдік орталық кітапхана базасында мүгедектігі бар адамдар үшін «Жақсылық бар жерде жылу бар» атты кітапхана шатырын ұйымдастыру	Ауданның ЖҚӘББ-не ақпарат	қазан бойы	Бұланды ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі
